

УДК: 339.924

А.Н. Алдабергенов
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің PhD докторанты,
Қазақстан, Алматы қаласы
aldabergenov_85@mail.ru

П.Ж. Орынбет
Халықаралық Бизнес Академиясының оқытушысы
perizat.orynbet@mail.ru

Интеграция жағдайында Қазақстандағы АӨК-тің дамуы

Андатпа. Экономикалық интеграция - ұлттық экономикамыздың дамуының ел басымен тандалған бірден-бір жолы. Және де бұл жолдың дұрыстығында ешқандай күмән жоқ. Бүгінгі таңда интерация әлемдік дамудың күннен-күнге күшейіп келе жатқан тенденциясын байқауда. Барлық елдер әлемдік шаруашылыққа интеграцияланса, аймақтарда тығыз саяси ықпалдастыққа бастайтын ондаған экономикалық одақтар мен қоғамдастықтар құрылып жатыр.

Қазіргі Қазақстан Республикасының экономикасы халықаралық саудада ең елеулі орынды алып отыр. Қазақстан ендігі халықаралық сауданы дамыту жолында, сонымен қатар, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру мақсатында көптеген еңбектер жұмыстар жасауда және сол бағытта көптеген жолдаулары бар. Бірақ ДСҰ-на кіруде Қазақстандағы тауарлар халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе отандық тауарлардың ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекелестігі жайындағы мәселені өте қиын етеді. Осы орайда, әсіресе ауыл шаруашылық өнімдерінің озық технологиялық өндіріс жолына қою аса өзекті мәселе екені сөзсіз.

Кілтті сөздер: Экономикалық интеграция, агоро өнеркәсіп кешені, бәсекеге қабілеттілік, халықаралық сауда.

А.Н. Алдабергенов
PhD докторант Казахского Национального университета имени алл-Фараби
Қазақстан, г. Алматы
П.Ж. Орынбет
Преподаватель Международной Академии Бизнеса

Развитие АПК Казахстана в условиях интеграции

Аннотация. Одной из путей развития национальной экономики выбранная президентом является - экономическая интеграция. И нет никакого сомнения в правильности выбора этой пути. На сегодняшний день интеграция бурно развивающаяся мировая тенденция. Страны интегрируются в мировое хозяйство, а в регионах формируются десятки экономических союзов и сообществ направленных на тесное политическое влияние.

Сейчас экономика Республики Казахстан занимает существенное место в мировой торговле. Для развития мировой торговли Казахстан намерен вступить в ВТО и в связи с этим проделано немало работ. Есть также многиу послания. Но при вступлении ВТО казахстанские товары должны подлежать мировым стандартам. Эта проблема делает затруднительным положение конкурентоспособности отечественных товаров как на внутреннем, так и на внешних рынках. По этой причине аграрную продукцию нужно ставить в русло высокотехнологического производства.

Ключевые слова: Экономическая интеграция, агропромышленный комплекс, конкурентоспособность, мировая торговля.

AN Aldabergenov
PhD doctoral of al-Farabi Kazakh National University
P. Orynbet
Lecturer at the International Academy of Business

Development of agriculture in Kazakhstan in terms of integration

Abstract. One of the ways of development of the national economy is to elect a president - economic integration. And there is no doubt the right choice this way. Today, the integration of a booming global trend. Countries integrate into the world economy, and in the regions formed dozens of economic unions and communities aimed at closer political influence.

Now the economy of the Republic of Kazakhstan is a significant player in world trade. For the development of world trade, Kazakhstan intends to join the WTO and therefore a lot of work done. There are also many messages. But WTO accession Kazakhstani goods should be subject to international standards. This problem makes it difficult to position the competitiveness of domestic products in both domestic and foreign markets. For this reason, agricultural products should be placed in the mainstream of high-tech manufacturing.

Keywords: Economic integration, agro-industrial complex, competitiveness, world trade.

Қазақстанның Кедендік одаққа енуі, ал болашақта ДСҰ-на енуі отандық ауыл шаруашылықты еліміздің және шетелдің нарықтарында бәсекелестіктің қатаң жағдайына қояды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, интеграция ауыл шаруашылығының әсерлі өсіміне әрдайым әсер ете бермейді. Осылайша, Польшаның ЕО-қа қосылғанынан кейін дәнді дақылдарды өндіруге маманданған шаруашылықтардың экономикалық нәтижелері күрт төмендеп кеткен [1].

Словакия Республикасының ЕО-қа 2003 жылы қосылғанынан кейін ауыл шаруашылық фирмаларының тең жартысы шығынға ұшырап, көбісіне қирау қаупі туды.

Ұлттық аграрлық өндірістің маңызды бәсекеге қабілеттілік факторының бірі, оның ғылыми қамтылуы болып табылады. Агроазық-түліктік нарықтың тұрақты дамуы тек инновациялық дамудың негізінде ғана қол жетімді бола алады.

ҚР-дағы халықаралық ынтымақтастық бірнеше бағытта жүзеге асады:

Бірінші – ауыл шаруашылық будандарының қорын, жаңа сұрыптарды құруда шетелдік іріктемелердің алғашқы материалдарын немесе гермоплазмасын пайдалану.

Екінші – техника мен технологиялардың трансферті мен бейімделуі. Шетелдік технологияларды оқшауландыру Қазақстанның жағдайына бейімділігі есебімен жүзеге асырылады.

Үшінші – шетелдік ғылыми-зерттеушілік ұйымдарымен біріккен зерттеулері.

Төртінші – шетелдік орталықтарда кадрлардың біліктілігін арттыру мен даярлау – бұл халықаралық интеграцияның бағыты.

Кедендік одақта Қазақстан ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдаудың сатысын ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы өнімінің бағасынан 10%-ға дейін көтереді [2].

Қазақстан мен Беларусьияның аграрлық ынтымақтастығының негізгі бағыты ауыл шаруашылық машина құрастыру болып табылады. Қазіргі уақытта «ҚазАгроФинанс» АҚ-ы қазақстандық фермерлерге болашақта лизингке беру үшін беларуссиялық мекемелермен ауыл шаруашылық техникасын сатып алумен айналысуда. «Компаниямен беларусияда өндірілген техниканың 5 мыңнан артық данасы сатып алынған» [3].

«ҚазАгроИнновация» АҚ – АӨК-тің дамуына ғылыми қамту үшін қажет ғылыми-зерттеушілік және тәжірибе-эксперименттік инфрақұрылымға ие мықты ғылыми зияткерлік потенциалы бар құрылым. Компания құрамында 26 филиалы бар 23 ғылыми-зерттеу ұйым, 14 тәжірибелі шаруашылық пен 6 маманданған орталық бар.

«ҚазАгроИнновация» акционерлік қоғамымен сәйкес нормативті база құрылып, халықаралық орталықтармен, аграрлы ғылымдардың шетелдік академияларымен және

ғылыми-зерттеу ұйымдарымен 31 меморандумға қол қойылған. Ғылыми-зерттеу орталықтары Ресей Федерациясының 37 ҒЗО-мен белсенді қарым-қатынаста. Кедендік одақ аясында Беларусь мен Ресейдің ҒЗО-ларымен ғылыми кооперация мен интеграцияны тереңдету жайлы келісім дер қабылданды.

Қазақстанның стратегиялық шетелдік әріптесінің бірі Халықаралық ауыл шаруашылық зерттеулердің консультативтік тобы (ХАЗКТ) әр түрлі бағыттағы 14 ғылыми орталықтарды біріктіреді. Олардың жартысынан артығымен еншілес ұйымдар гермоплазманы жақсарту, өсімдік шаруашылығын әртараптандыру және ресурс үнемдейтін технологиялар жұмыстарын жүргізуде. Олар – Қуаңшылық зоналарында ауыл шаруашылық зерттеулерінің халықаралық орталығы – ИКАРДА, Бидай мен жүгеріні жақсартудың халықаралық орталығы – СИММИТ, Өсімдіктердің генетикалық ресурстары халықаралық институты – IPGRI, Картоп шаруашылығының халықаралық орталығы - GIP, Көкөніс шаруашылығының дүниежүзілік орталығы (АЦИРО) және т.б.

ҚР-да жаңа қуаңшылыққа төзімді, тұзға төзімді сұрыптарды құруда Өсімдіктердің атқарымдық геномикасының Австралиялық орталығымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытталған гендік сатыдағы сұрыптық жұмыс жоғары бәсекелестікке мүмкіндігі бар сұрыптар алуға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығы саласында Францияның ұлттық ауыл шаруалық зерттеулері орталығы – ИНРА-мен ынтымақтастығы жүзеге асуда. ДНҚ сатысында өнімділігі анықталып, қазақстанның жағдайына бейімделген жануарлардың жаңа түрлері шығарылады.

Қазақстанда оңтүстік корейаның ғалымдарымен бірлескен картоптың вируссыз минутүйнектерін өндіретін өндіріс технологиясы бейімделген. Отандық картоп және көкөніс шаруашылығының ҒЗИ-ның базасында осындай минутүйнектерді өндіретін арнайы зауыт салынууда. Жобаның арқасында Қазақстан картоптың бүкіл республика бойынша сұранысын қанағаттандыра алатын сапалы тұқымдық материалын ала алады. Сонымен қоса, бұл зауыт тұқым шаруашылығына дәстүрлі тәсімде қажет 5-6 жыл уақытты 2 есеге қысқартуға мүмкіндік береді.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен аграрлық зерттеулер бойынша қазақ-израильдік қор құру жұмыстары қолға алынған. Қор жұмысының негізгі бағыты – ауыл шаруашылығындағы суарудың алдыңғы қатарлы жүйелерімен қоса, агроиндустрия саласына серпінді технологияларды алға жылжыту мен бірлескен зерттеулер жүргізу болып табылады.

Тамшылап суаруда ылғалды пайдалану әсерлілігі 85-97% болса, салыстыру үшін үстінен суаруда бұл көрсеткіш 25-30%, ал жауын-шашында 50-60% жетеді. Яғни біз ылғалдан айырылмаймыз, тамыр қабаты ғана суарылып, қатарлар арасы құрғақ боп қала береді. Минералды тыңайтқыштар шығыны да 3-4 есеге қысқарып, дақылдардың өнімділігі 1,5-2 есеге артады.

Израильдік алдыңғы қатарлы тамшылап суаруға қазақстандық жағдайда бейімдеу үшін бірлескен жобалық «AgroTechIrrigation» ЖШС компаниясы құрылған. Агротехнологияларды коммерциализациялау орталығы «ҚазАгроИнновация» АҚ мен израильдік «NaanDabJainIrrigation» компаниясы «AgroTechIrrigation» ЖШС-нің құрылтайшылары болып табылады.

Қазақстанның оңтүстік суармалы жерлерінде қолдану үшін СИММИТ-пен бірлесіп дәнді дақылдарды мексикалық қырлы-бороздалық технологиямен егуге үйренуде. Оның ерекшелігі егу қырларда жүзеге асса, ал суару бороздада жүргізіледі. Бұл технология суару нормасын 30-40%-ға төмендетіп, дәнді қайта егу нормасын 2 есеге қысқартады: егер әдетте дәнді дақыл егуге 200 кг мысалға, бидай керек болса, бұл технологиямен тұқымды егу нормасы 100 кг ғана болып табылады.

2009 жылдан бері «ҚазАгроИнновация» Қазақстан-Германиялық аграрлы-саяси диалогы аясында немістің «ГФА КонсалтингГрупГмбХ» компаниясымен жұмыс істеуде. Бұл компания АӨК-тің экономикалық саясаты саласында және елдегі жер заңнамасын жақсарту кеңес қызметтерін ұсынады. Хойенхайм Университетінің (Штутгарт қ.) қатысуымен,

бірлескен мүмкіндіктерді қосу арқылы халықаралық білімді тарату орталығы – Солтүстік Қазақстанның ҒЗИ базасында Ақмола облысындағы Чаглинка ауылында Неміс аграрлық орталығы(НемАО) құрылды. Орталықты құрудың негізгі идеясы – шаруаларға неміс жағы өздерінің техникасын, технологияларын көрсетіп, оқыту семинарларын жүргізеді.

Қазақстанның әр түрлі аудандарында «ҚазАгроИнновация» жүйесінде ғылыми-зерттеу институттары негізінде білімді тарату бойынша 8 орталық жүзеге асыруда. Бұл ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу саласына ғылыми зерттеулерді енгізуге септігін тигізіп, отандық агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттырады [4].

ДСҰ-ның ережелеріне сай, ДСҰ-на кіретін елдердің ауыл шаруашылығы саласындағы міндеттеріне ішкі қолдау, нарыққа шығу және экспорттық субсидиялар алу мүмкіндігіне ие болуды қамтиды. Бұл жағдайда салықтық жеңілдіктер субсидия ретінде қарастырылмайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің объективті ерекшелігі мемлекеттік қолдаудың әр түріне мұқтаж, бұл ДСҰ-на мүше елдердің аграрлы саясатында бұрыннан қалыптасқан.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың барлық тәсілдерін ДСҰ-ның классификациялары бойынша «жасыл», «сары»(немесе «кәріптсас») және «көгілдір» себеттерге бөлінген. Шараларды себеттерге бөлу олардың саудаға бұрмалау енгізіп, енгізбеуіне байланысты жүзеге асады.

«Жасыл» себетке саудаға бұрмалау енгізбейтін шаралар кіреді, сондықтан бұл шаралар шектеусіз қолданылып, ДСҰ-на мүше елдер оларды қысқарту міндеттерін өз мойындарына алмайды. Мұндай шараларға: өткізім, ақпараттық, қаржы және транспорттық инфрақұрылымдарды құру мен қолдауға бағытталған шараларды, табиғат апаттары жағдайында шығынды өтейтін шараларды, ауыл шаруашылық өндірушілерінің табысын сақтандыруға арналған шараларды, ғылыми зерттеулерге, кадр даярлау, консалтингті дамыту, ауылдық жерлерде ақпаратпен қамту, мал дәрігері қызметі және т.б шараларды жатқызамыз.

«Жасыл» себет шаралары Ауыл шаруашылығы келісімінің 2 қосымшасында берілген. Егер мемлекеттің қолдауы «жасыл» себет критерийлеріне сай келсе, онда олар шектеусіз қолданыла алады. ДСҰ-на мүше ел ауыл шаруашылығын қолдайтын жаңа бағдарлама енгізсе, ол қолдау шаралары ДСҰ-на хабарлануы(яғни, бекітілген ретте ресми хабарландыру рәсімін өту) керек. Бұл жағдайда ДСҰ-на мүше ел хабарланған шаралардың «жасыл» себет критерийлеріне сәйкестігін дәлелдеуі керек. Бұл, біріншіден, қаржыландырудың тұтынушылар есебінен емес, үкімет бағдарламасының желісі бойынша мемлекет бюджетінен жүзеге асуын, ал екіншіден, қолдау өндірушілердің бағасын қолдаусалдарына ие болиауы керектігін ескереді [5].

«Жасыл» себет аясында қолдау ауыл шаруашылығына маңызды, себебі бір мемлекет өндірісінің бағалық бәсекеге қабілеттілігі басқа мемлекеттегі тасымалдау мен өткізім шығындарының төмендеуімен орны толтырылуы мүмкін, ал ұзақ мерзімді болашақта «жасыл» себет шараларының әсерлілігі тікелей субсидиялардың әсерлілігімен теңеседі.

«Жасыл» себетпен салыстырғанда, «сары» себет шаралары саудаға бұрмалау әсерін тигізеді, және мұндай шаралар елдің ДСҰ-на кірерде бекіткен шектеумен аяқталады. Ауыл шаруашылығы бойынша келіссөздер мемлекеттің белгілі бір таныстыру кезеңіне бөлген қаржыландыру негізінде жүреді, әдетте ол алдағы бірігу мезетіне дейін жүреді. Нәтижесінде «сары» себет аясында максималды рұқсат етілген қолдау сатысы анықталады. Ол AMS(Aggregate Measurement of Support) деп аталатын қолдаудың біріктіру шаралары түрінде тіркеледі.

Кіруші елдер бұл көрсеткішті ДСҰ мүшелерімен талқылап, ал қолдаудың мөлшері жайлы міндеттемелер бірігу жайлы құжатпен берілетін тізбеде көрсетіледі. AMS келісілмеген және ескерілмеген жағдайда, «сары» себет аясындағы қолдау «deminimis» сатысы төңірегінде ғана көрсетіледі. «Deminimis» - бұл өндірілген өнімнің жалпы бағасының қолдау үлесі. Дамыған елдерде 5%, ал дамушы елдерде 10% құрайды.

AMS-та өнімнің айырықшаландырылған және өнімнің айырықшаландырылмаған қолдау түрлері жеке есептеледі. Нақты өнім мен тауарды қолдау өнімнің айырықшаландырылған

қолдауына жатады. Егер де қолдау белгілі бір тауарға бекітілмеген болса, онда айырықшаландырылмаған қолдау орын алады.

Айрықшаландырылған қолдау мысалына өнімнің жеке түрлеріне деген субсидиялар, құрама жем, минералды тыңайтқыштар құнының жартысының өтемақысы, белгілі бір тауарды басқыншы сатып алудағы бағалық қолдау және т.б. Ал ауыл шаруашылық өндірушілерінің жеңілдік жағдайындағы электрэнергиясын пайдалануы, фермерлерге жеңілдік жағдайындағы кредиттер, жанар-жағармай материалдарының құнын төлеуге жеңілдіктер айырықшаландырылмаған қолдауға жатады.

Ауыл шаруашылығы келісімі төңірегінде ерекшеленетін «көгілдір» себетке өндірісті шектеуге бағытталған шаралар жатады. Өндірісті шектеуге бағытталған бағдарламаларға, мысалы, бекітілген аумақ пен егінге қатысты немесе бекітілген мал басына өтемақылар. Мұндай шаралар, негізінен Еуропалық Одақта қолданылады [6].

Экспорттық субсидиялар ДСҰ-нда рұқсат етілмеген, бірақ ауыл шаруашылығы үшін айырықшалық берілген. Бірқатар елдер өздерінің тізбектерінде экспорттық субсидияларды пайдалану көлемі мен оларды қысқарту міндеттемелерін бекіткен. ДСҰ-мен келіссөз жүргізудің жаңа кезеңі төңірегінде, сауданың алдағы уақыттағы ырықтандыруға бағытталған келісімге қол жеткізілді. Келісімде дамыған елдердің 2013 жылға дейін экспорттық субсидияларды пайдалануын тоқтататындығы айтылған. Ал дамушы елдерде экспорттық субсидиялардан бас тарту 2017 жылы жүзеге асауы керек. Бірақ та бұл келісімдер әлі күнге дейін соңына дейін рәсімделмеген.

Ішкі қолдау, экспорттық баж алымы сұрақтарынан өзге, Ауыл шаруашылығы келісіміне нарыққа шығу мүмкіндігі сұрақтары әлі күнге маңызды. Бұдан өзге, ДСҰ-на мүше дамыған елдер өздерінің ауыл шаруашылығының жекелеген сезімтал сегменттерін қорғау үшін өз нарықтарына енетін тауарлардың импорты жолына әр түрлі бөгетін барьерлер қоюда [7].

ДСҰ-ға енудің жағымды жақтары және жағымсыз салдары бар.

ДСҰ-на енудің жағымды жақтарына ауыл шаруашылық өнімдерін импорттаушылар мен экспорттаушыларға тұрақты әрі болжамды іс-әрекеттер жасауды қамтамасыз ететін халықаралық талаптарға сай сыртқы сауданы түзететін ұлттық заңнама құжаттарын қалпына келтіру жатады.

АӨК-ке өркениеттелген нарықтық қатынастар енгізудің арқасында инвестициялық климат жақсарайды. Ол шет елдік инвестицияның артуына, жаңа технологиялардың келуіне әсер етеді.

Кедендік баж салығының төмендеуі, әр түрлі сауда бөгеттерінің алынуы арзан импорттық тауарлардың түсуін қамтамасыз етеді.

ДСҰ-на енген ел ДСҰ-на мүше өзге елдермен жағымды қарым-қатынасқа ие болып, өзінің экспорттаушыларына ілгеріде жабық болған нарықтық өткізімдерге ие болады. Сыртқы сауданы ырықтандыру әлемдік нарықтардағы бәсекелестікті арттырады. Соның нәтижесінде экспорттаушылар ассортиментті көбейтіп, тауардың сапасын жақсартып, ұсталымдарды төмендетеді.

ДСҰ-ның сауда келіспеушіліктерін реттейтін келісімі отандық тауар өндірушілерге әлемдік нарықтардағы әділетсіз бәсекелестіктен қорғау құқығына, ұлттық қызығушылықтарға сай халықаралық сауданың ережелерін құруға қатысуға мүмкіндік береді.

ДСҰ-на енуден келетін пайдалармен қоса, бұл процесс жағымсыз жақтары мен қауіп-қатерлері де бар.

ДСҰ-ның ережелері әр түрлі елдердегі ауыл шаруашылығының табиғи-экономикалық ерекшеліктерді, ауыл шаруашылық өндірісінің күрт құлдырауымен ілескен реформалары бар өтпелі экономика ерекшеліктерін назарға алмайды. АҚШ, Австралия, Еуропалық Одақ елдері сияқты ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлкен экспорттаушыларына ТМД елдеріне қарағанда ауыл шаруашылығын жүргізуге жағымды табиғи-экономикалық шарттарға ие. Бұған қоса, сауда мен тарифтер бойынша Бас келісімнің құрылтайшысы ретінде бұл елдер тарихи мәнді артықшылықтарға ие. Мысалы, ауыл шаруашылығын экспорттық субсидиялағанда ДСҰ-ның жаңа мүшелеріне қарағанда біршама ұтымды жағдайда қалады.

ДСҰ-ның көптеген келісімдері сыртқы экономикалық қызметтерін кеден-тарифтік реттеуде мемлекеттің мүмкіндіктерін төмендетеді. Импортық кеден тарифтерінің бағамының төмендеуі бюджетке түсуін қысқартып қана қоймай, өз өнімдерінің өндірісін қысқартуға алып келетін, ішкі нарыққа шет ел тауарларының оңай енуіне жол ашып, мемлекетті отандық өндірушілерді қорғаудың маңызды құралынан айырады.

Ішеі нарықтағы отандық азық-түлік өндірушілердің үлесінің азаюы шектесуші салалардың жұмыспен қамтылуына жағымсыз әсер етеді, мысалы, азық-түлік өндірісіне.

ДСҰ-на ену ішкі нарықтағы шағын және орта бизнеске халықаралық стандарт бойынша трансұлттық корпорациялардың өнімдерімен бәсекеге түсуге тура келеді.

ДСҰ-на мүшелік ету импортталатын өнімнің халықаралық рәсімімен байланысты санитарлық-гигиеналық бақылау «Санитарлық және фитосанитарлық мөлшерлерді орындау бойынша келісімді» орындау мүмкіндігін болжайды. Ұлттық заңнаманы «үйлестіру» қажет болғандықтан, яғни ДСҰ нормаларымен сәйкестендіру керек. Себебі, алып келінетін азық-түлік тауарларларын қауіпсіздікпен өамтамасыз ету үшін және азық-түлік импортын инспекциялауға қажет жергілікті заңдар мен нормативтік актілер саудаға кері әсерін тигізетін бөгет деп жариялануы мүмкін.

Елдің ДСҰ-на түсу салдарының толық талдауы тек ДСҰ-мен келісімнің бірнеше жыл орындалуынан кейін мүмкін. ДСҰ-на енудің жағымды жақтарын ұзақ уақыттық болашақта күту керек. Себебі, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі артып, осымен байланысты өнімнің экспорты осы ұйымға мүшелік етудің жағымсыз жақтарын өтейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдимолдаева Н.Л. Поддержка сельского хозяйства в странах-членах ВТО и интеграция аграрных рынков стран Таможенного союза в мировую экономическую систему. - Евразийская экономическая интеграция, №2 (7), май 2010, с. 61-72
2. Новости 10 июня 2010. Алматы. Круглый стол по вопросам деятельности ТС. Business Resource. – [электронный ресурс]: <http://www.cear.kz/index>.
3. Данные Межгосударственного статистического Комитета СНГ. – [электронный ресурс]: <http://www.cisstat.com>.
4. АО «Казagroинновация». – [электронный ресурс]: <http://www.agroinnovations.kz>.
5. Абдимолдаева Н.К. Поддержка сельского хозяйства в странах-членах ВТО и интеграция аграрных рынков стран Таможенного союза в мировую экономическую систему./ «Евразийская экономическая интеграция», №2 (7), май 2010. – [электронный ресурс]: <http://www.eabr.org/general/upload/docs/publication>
6. Киселев С, Ромашин Р. Вступление России в ВТО: влияние на сельскохозяйственную торговлю и производство. Программа ICTSD по торговле сельскохозяйственной продукцией и устойчивому развитию. Июнь 2012. Исследовательский доклад №40. – [электронный ресурс]: <http://ictsd.org/downloads/2012/07/>.
7. О влиянии членства в ВТО на экономические позиции Казахстанского малого и среднего бизнеса. Информационно-справочные материалы Регионального представительства Торгово-промышленной Палаты России в Центральной Азии. –Электронный ресурс: <http://centrasia.ruschamber.net/>

References:

1. Abdimoldavaeva N. Support for agriculture in WTO member countries and integration of agricultural markets of the Customs Union in the world economic system. - Eurasian Economic Integration , № 2 (7) , May 2010 , p. 61-72.
2. News June 10, 2010. Almaty. Roundtable on CU activities. Business Resource. - [Electronic resource] : <http://www.cear.kz/index>.
3. Interstate Statistical Committee of the CIS. - [Electronic resource] : <http://www.cisstat.com> .
4. JSC " Kazagroinnovation ." - [Electronic resource] : <http://www.agroinnovations.kz>.

5. Abdimoldaeva N. Support for agriculture in WTO member countries and integration of agricultural markets of the Customs Union in the world economic system. / " Eurasian Economic Integration », № 2 (7), May 2010. - [Electronic resource]: <http://www.eabr.org/general/upload/docs/publication>.

6. R. Romashin Russia's WTO accession : the impact on agricultural production and trade . ICTSD Programme on Agricultural Trade and Sustainable Development. June 2012. Research report number 40. - [Electronic resource]: <http://ictsd.org/downloads/2012/07/>.

7. Influence of WTO membership on the economic position of Kazakhstan SME. Background information of the Regional Representative of the Chamber of Commerce and Industry of Russia in Central Asia. - Electronic resource : <http://centrasia.ruschamber.net/>

А.Н. Алдабергенов

П.Ж. Орынбет

Развитие АПК Казахстана в условиях интеграции

Резюме. В статье рассматриваются проблемы АПК Казахстана на фоне интеграционных процессов. Делается анализ инновационных возможностей аграрного производства в РК. Также в работе рассматриваются возможные негативные и позитивные последствия от вступления Казахстана в ВТО, даны рекомендации по улучшению состояния АПК на фоне грядущего вступления Казахстана в ВТО.

Ключевые слова: Экономическая интеграция, агропромышленный комплекс, конкурентоспособность, мировая торговля.

AN Aldabergenov

P. Orynbet

Development of agriculture in Kazakhstan in terms of integration

Summary. This article discusses the background of APC Kazakhstan on integration processes. Analysis is done innovative features of agricultural production in Kazakhstan. Also in the paper discusses the possible negative and positive effects of accession to the WTO, recommendations on the state improved APC on the background of the future accession to the WTO.

Keywords: Economic integration, agro-industrial complex, competitiveness, world trade.

Анкета

Фамилия	Алдабергенов
Имя	Нур
Отчество	Анварбекович
Фото	
Научная степень	-
Ученое звание	-
Должность с кафедрой или департаментом	Докторант PhD
Место работы	
Раб. адрес	
Адрес на который Вы бы хотели получить авторский экземпляр	
Е-mail, телефон	aldabergenov_85@mail.ru 8-707-837-32-85
Научные интересы	Экономическая интеграция

Application form

Фамилия	Aldabergenov
Имя	Nur
Научная степень	
Ученое звание	
должность и кафедра или департаментом	PhD Doctoral Student
Официальное название места работы на англ. языке (нужно для того чтобы кроме индексации автора, индексировалась и организация)	